

15 Тамыз
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

«АУЫЛ АМАНАТЫНЫҢ» АЛҒАШҚЫ «ҚАРЛЫҒАШТАРЫ»

АРНАУЛЫ ЭКСПЕДИЦИЯҒА ӨЗ ӨНІМДЕРІН ҰСЫНДЫ

ӨТКЕН АПТАДА «АУЫЛ АМАНАТЫ — БАБАЛАР АМАНАТЫ» АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНА КЕЛДІ. ЭКСПЕДИЦИЯ МҮШЕЛЕРІ ТҰРҒЫНДАРҒА ЖОБНЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТІН ТҮСІНДІРІП, ОСЫ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА КӘСІП АШҚАН АЗАМАТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ.



Экспедиция мүшелері сапарын ауданның қақпасы іспетті Саралжын ауылдық округінің Бестамақ ауылынан бастады. Онда «Ауыл аманатының» алғашқы қарлығаштарының бірі –



Асылбек Нияновтың отбасылық шаруашылығына бас тіреді. Онда жұбайы Мейрамгүл Бақтыгереева осы жоба арқылы құс шаруашылығымен қатар сүт өнімдерін өндіруді және ұқсатуды қолға алыпты. Тауықтың бірнеше түрін әкелген жас кәсіпкер үйректің балапандарын да өсіріп отыр. Ал, оның негізгі кәсібі – сүт өнімдері сияқты.

Өйткені, сиыр сауатын, сүт тартатын және құрт шығаратын құрылғыларды сатып алған. Жас кәсіпкердің кәсібіне табыс тілеген экспедиция жетекшісі «Ақтөбе – Медиа» ЖШС-нің директоры Раукен Отыншин облыс әкімінің алғыс хаты мен арнайы сыйлығын табыстады. Ал, Кемер селосында да құс шаруашылығын қолға алған Әділбек Ертілеуов экспедиция мүшелеріне ойын жүзеге асыруға қолбайлау болып отырған жайттарды да жеткізді.

Қараталдық Әлия Ысымғалиева болса, ауыл іргесіндегі қарасуды

нағыз құс базарына айналдырып отыр. Жобамен несие алып, 250



қаздың балапанын алып келген келіншек оның «жемісін» күзде көргелі отыр. Гүлхан Қауметова алған несиесіне жартылай дай-

ын ет өнімдерін даярлауға қажетті жабдықтарын алып, кәсібін бастап кетіпті. Экспедиция мүшелерін қызықтырған келесі жас кәсіпкер - ойылдық Айшолпан Тапашева. Өзі ветеринар дәрігер мамандығын бітірген Айшолпанға «Ауыл аманаты» жобасы кәсібін кеңейтуге жол ашып отыр. Ветеринарлық дәріхана ашқан ол Ойылдағы бағаны тұрақтандыруға үлес қосып отырғанын білеміз. Дәріханада төрт түліктің ем-домы мен күтіммен қажетті құрал-жабдықтардың бәрі бар. Тіпті Айшолпан өзі мал дәрігері ретінде дәріні қолдану тәсілдерін түсіндіріп, тұтынушыларымен тұрақты байланысып отырады.

Ал, Көптоғай селосының тұрғыны Болатбек Омаров осы жоба арқылы алдымен тауарлы несиеге 20 бас қой алса, кейін құс шаруашылығына ден қойып отыр. Көптоғайлық жас кәсіпкер Қарлығаш Зейноллаева сүт өнімдерін ұқсатуды қолға алыпты. Май-қаймағын, құрт-ірімшік пен сүзбені де өздерінің арнайы тауарлық белгісімен ыдысқа салып тұтынушыларына ұсынып отырған келіншек те «Ауыл аманаты» арқылы өз кәсібін тапқан сияқты. Ал, Ойыл селосындағы «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өткен кездесу барысында экспедиция мүшелері жергілікті тұрғындарға «Ауыл аманаты» жобасының маңызын түсіндіріп, аталған бағдарламаның жеке кәсіп ашуға ниетті азаматтарға мол мүмкіндік беретінін жеткізді.

— Осыған дейін біз, экспедиция мүшелері, тоғыз ауданда болып, ауылда сіздер секілді мал бағып, құс өсіріп, бау-бақша егіп, шағын бизнеспен айналысып отырған азаматтармен кездескен болатынбыз. Бұл экспедицияның мақсаты — тұрғындарға жаңа жобаның мән-маңызы мен оған қатысу та-

лаптарын түсіндіру. Бүгінгі кездесуге осы жобаны жүзеге асыруда жұмыс жасап жүрген жауапты мамандар да келіп отыр. Осы тұста айта кету керек, біз барлық ауданды аралап шыққан



соң, Республика күні қарсаңында осы экспедицияның қорытындысын шығарамыз. Сол шарада әр ауданда осы жоба аясында көзге түскен тұрғындарды марапаттайтын боламыз. Мәселен, бірқатар азаматтарға бағалы сыйлықтар берілсе, бір тобына облыстық басылымдарға тегін жазылуға арналған сертификаттар, шипажайға жолдамалар табысталады. Сондай-ақ облыстық қос басылымның «Жыл адамы» атағы да табыс етіледі, — деді «Ақтөбе Медиа» ЖШС директоры Р. Отыншин.

Бұдан кейін сөз сөйлеген экспедиция мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Алтай Тайжанов ел экономикасын дамытуда ауылға жағдай жасаудың маңызы зор екенін тілге тиек етті. Кездесуде белгілі ақын, «Үш таған» журналының бас редакторы Ертай Ашықбаев қазір өңірімізге азық-түліктің көп бөлігі өзге облыстардан, сондай-ақ шетелдерден әкелінетінін айтып, халықты жергілікті өнімдермен қамту, олардың қорын көбейту

мәселесін көтерді.

Жиын барысында «Ақтөбе» ӨКК басқармасы төрағасының орынбасары Ашур Алмасов пен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы қайта өңдеу бөлімінің бас маманы Мұхтар Әкімов тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, жоба аясында несие рәсімдеудің заңдылықтарын түсіндірді.

Мұхтар Әкімовтің айтуынша, қазір облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жобаға қатысушыларға қолдау көрсетіп, олардың



өз өнімдерін сатуына мүмкіндік жасап жатыр. Мәселен, ендігі жерде «Ауыл аманаты» жобасына қатысушыларға облыс орталығында орналасқан «Табыс» коммуналдық базарынан орын беріледі.

P.S. Экспедиция мүшелерін бастап жүрген аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Абат Мұбаракөв атаулы жобаның ауданда жүзеге асу барысын жеткізді. «Ауыл аманаты» жобасына аудан халқы белсенді қатысып жатыр. Бүгінгі күні Ойыл ауданы бойынша 128 жоба мақұлданса, оның ішінде 61 отбасы несиесін алып, кәсіптерін бастап кетті.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.



БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМІ НЕЛІКТЕН ҚАЖЕТ ЕКЕНДІГІНЕ ТҮСІНІКТЕМЕ БЕРЕДІ

БЖЗҚ – Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржы және ақпараттық ағындарының бірыңғай әкімшісі және операторы. Ол заңнама талаптарына сәйкес салымшыларға (алушыларға) зейнетақы қызметтерін көрсетуге міндетті.

БЖЗҚ өзінің заңнамалық міндеттерін іске асыру кезінде салымшылардың (алушылардың), олардың сенім білдірілген адамдарының, заңды өкілдерінің дербес деректерін қамтитын ақпараттық жүйенің операторы/меншік иесі болып есептеледі. БЖЗҚ-дан қызметті алмас бұрын салымшы (алушы)/сенім білдірілген адам/заңды өкіл өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗҚ тек мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дереққорларымен) қажетті ақпарат алмасуды жүргізеді. Мысалы, егер салымшы жеке кәсіпкер болса, онда бұл деректер уәкілетті мемлекеттік органдармен деректер алмасудың арқасында БЖЗҚ ақпараттық базасында автоматты түрде өзектендіріледі. Салымшының деректері жеке тұлғаларға берілмейтінін ескертеміз.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗҚ мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дереққорларымен) ақпарат алмасуда. БЖЗҚ ақпараттық жүйесіндегі өтініш білдірген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері осындай алмасудың арқасында үнемі өзекті болып тұрады. Сіздің деректеріңіз жеке немесе басқа заңды тұлғаларға берілмейтінін ерекше атап өткіміз келеді.

Мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылдың және ақпарат алмасудың арқасында БЖЗҚ зейнетақы қызметтерін көрсету кезінде өтініш білдірген адамнан оның құжаттары және (немесе) ақпараты мемлекеттік органдардың

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ЕНПФ РАЗЪЯСНЯЕТ: ПОЧЕМУ НЕОБХОДИМО СОГЛАСИЕ ВЛАДЧИКОВ (ПОЛУЧАТЕЛЕЙ) НА СБОР И ОБРАБОТКУ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ

Сегодня ЕНПФ является единым администратором и оператором всех финансовых и информационных потоков накопительной пенсионной системы Республики Казахстан и обязан предоставлять пенсионные услуги вкладчикам (получателям) в соответствии с требованиями законодательства. ЕНПФ при реализации своих законодательных функций выступает оператором/собственником информационной системы, содержащей персональные данные вкладчиков (получателей), их поверенных лиц, законных представителей. Прежде чем получить услугу от ЕНПФ, вкладчик (получатель) / поверенное лицо / законный представитель подтверждает согласие на сбор и обработку персональных данных. При оказании услуг, предусмотренных законодательством, ЕНПФ производит обмен информацией с информационными системами (базами данных) третьих лиц, к которым относятся государственные органы и (или) государственные юридические лица. Реквизиты документа, удостоверяющего личность обратившегося лица, в информационной системе ЕНПФ, благодаря такой обмену, актуальны. Подчеркнем, что Ваши данные НЕ передаются частным либо прочим юридическим лицам. Благодаря взаимодействию с государственными структурами и обмену информацией ЕНПФ при оказании пенсионных услуг не истребует от обратившегося лица копии документов и (или) информации в случае их наличия в информационных системах государственных органов и (или) государственных юридических лиц, то есть ЕНПФ обеспечивает оперативное и эффективное обслуживание, соответствующее требованиям законодательства Республики Казахстан, исключает факты мошенничества.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ЖЕКЕ PUSH ХАБАРЛАМАЛАРЫН АЛАДЫ

EGov mobile мобильді қосымшасы қазақстандықтарға әртүрлі өмірлік жағдайларға байланысты жеке push хабарламаларын жібереді. Жаңартулар қазақстандықтарға алдағы маңызды күндер туралы еске салуға мүмкіндік береді: зейнетке шығу, ЖОО-ға түсу және бітіру, баланы мектепке қабылдау, Е-лицензиялау порталының өтінімдерін мақұлдау және компания басшысының ауысуы туралы хабарламалар.

«Біз азаматтарға қызмет көрсету жұмыстарын белсенді түрде жалғастырып жатырмыз, біз әртүрлі өмірлік жағдайларға арналған тағы жеті push хабарламаны іске қостық. Бұл мемлекеттік мекемелерге бармай-ақ адамдарды маңызды күндер туралы алдын ала хабардар етуге және «көрінбейтін» қызметтер көрсетуіне көмектеседі. Осылайша, біз қазақстандықтарды алдағы күндер туралы алдын ала біліп, ескертеміз. Уақыт өте келе мұндай қыз-

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС ҮШІН ТӨЛЕГЕН АҚШАСЫ ҚАЙДА КЕТЕДІ?

Менің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударған жарналарым қайда, Қорға қанша ақша жиналды, емханаға бармасақ ақшаларымыз күйіп кете ме? Бұл сұрақтар әлеуметтік желіде жиі қойылады. МӘМС жүйесі 2020 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанына және оны енгізу туралы ақпарат үнемі жарияланып тұрғанына қарамастан, азаматтардың көпшілігі әлі күнге дейін жарналар мен аударымдар қайда кететінін аңғармайды. Бұл сауалдарға Ақтөбе облысы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ-ның директоры Алтай Оразмағамбетов жауап берді.

МӘМС жүйесі медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, қаржыландыру тапшылығын төмендету қажеттілігіне байланысты енгізілген. Егер 2019 жылғы денсаулық сақтау саласына 1,03 трлн теңге бөлінген болса, 2023 жылға қазіргі өзінде 2,5 трлн теңге қарастырылған. Бұл көрсетілетін медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға мүмкіндік берді, соған сәйкес, азаматтардың көпшілігі барынша медициналық көмекке жүгіне алады.

МӘМС үшін ақша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына түседі ме? Көптеген адамдар МӘМС төлемдері Қорға түседі және ол қаражатқа өз қалауы бойынша жұмсайды деп қателеседі. Жарналар мен аударымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі

меттердің саны артады, бұлай біз көптеген мемлекеттік қызметтерді алу процесін жеңілдете аламыз», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин. Жіберілген push хабарландыруларын мобильді қолданбаның «Хабарландырулар» бөлімінде көруге болады. Мобильді қосымша орнатылмаған жағдайда порталдың жеке кабинетінде eGov.kz ұялы нөмір көрсетілген болса, пайдаланушыға қосымшаны жүктеуге сілтеме жасай отырып, 1414-тен жаңа хабарламаның келіп түскені туралы ақпараты бар SMS жіберіледі. Айта кетейік, бұл жаңартулар Мемлекет басшысының Invisible Government тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылды. Яғни, мемлекет қазақстандықтарға қажетті мемлекеттік қызметтерді ұсынады және оларды өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде сүйемелдейтін болады.

УПРОЩАЕТ ЖИЗНЬ ЛЮДЕЙ:

КАЗАХСТАНЦЫ ПОЛУЧАЮТ ПЕРСОНАЛЬНЫЕ PUSH УВЕДОМЛЕНИЯ В ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE Мобильное приложение eGov mobile рассылает персональные push уведомления в разных жизненных ситуациях. Новые обновления позволяют напомнить казахстанцам о предстоящих важных датах: о выходе на пенсию, о поступлении и окончании ВУЗ, о зачислении ребенка в школу, об одобрении заявок портала Е-лицензирование и о смене руководителя компании. «Мы продолжаем работу в части предоставления услуг гражданам проактивно, в этой части нами были запущены еще семь push уведомлений для разных жизненных ситуаций. Данные процессы помогают заблаговременно уведомлять людей и оказывать «невидимые» услуги, не обращаясь в госучреждения. Таким образом мы можем заранее знать и предупреждать казахстанцев о предстоящих датах. Со временем количество таких

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

Егер мен медициналық көмекке жүгінбесем, жарналарымды шешіп ала аламын ба? Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жинақтаушы жүйе емес, баршаға ортақ жүйе. Қазақстандық модель пациентке денсаулық жағдайы бойынша талап етілетін емнің көлемі мен құнын шектемеу үшін әлеуметтік бағдарланған түрде құрылды. Мысалда қарастырайық.

Бір жыл ішінде мүмкін болатын ең жоғары жарнамен 1 адам тек 168 мың теңге (айына 14 000 теңгеден) жинайды. Бұл қаражат дербес шотта жиналып, пациент оларды өз қалауы бойынша емделу үшін пайдалана алады деп есептейік. Бірақ бұл сомаға ол шектеулі мөлшерде ғана ем ала алады.

Тек стандартты сынақтар жиынтығы, гормондарды, инфекциялардың болуын тексеру үшін бірнеше ондаған мың қажет. Егер ультрадыбыстық, кардиограмма, КТ/МРТ және басқа аспаптық диагностика қажет болса ше? Яғни бір жыл ішінде жинақталған жарналар диагноз қою үшін толық тексеруден өтуге де жеткіліксіз болуы мүмкін.

Сонымен қатар күндізгі стационарға бару немесе тәулік бойы ауруханаға жату қажет болуы мүмкін.

Егер ота жасалатын болса, олардың құны бірнеше миллион теңгеге жетуі мүмкін, онда пациент жай ғана медициналық көмексіз қалады. Жиналған қаражат емделуге кететін шығынды жабуға жетпей-

ді. Сондықтан бұл тәсіл пациенттің өзіне тиімсіз.

Сондықтан, МӘМС жүйесінің отандық моделінде барлық қаражат Ұлттық банктегі бірыңғай арнайы шотқа түседі. Ал сол жерден қаражат төлеушінің санатына және төлеген жарналардың мөлшеріне қарамастан, барлық сақтандырылған азаматтарға МӘМС бойынша көрсетілген медициналық көмек үшін төленеді. Егер сізде қосымша сұрақтар немесе медициналық көмекке қатысты мәселелер туындаған жағдайда, сіз өзіңіздің клиникаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз.

Егер жағдайды жергілікті жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзіңізге ыңғайлы келесі байланыс арналары бойынша өтініш жібере аласыз:

•Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
•fms.kz ресми сайты
•Telegram-дағы @SaqtandyrıyBot
•1414 байланыс орталығы.

Сондай-ақ, Қор медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебеңізді тексеріп, төлемдер туралы ақпаратты egov.kz электрондық үкіметтің сайтында «Денсаулық сақтау» бөліміндегі «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» қызметі арқылы алуға болатындығын еске салды.

ҚУДАҰХОДЯТ ДЕНЕГІ ГРАЖДАН ЗАОСМС?

Где мои взносы на ОСМС, сколько денег собралось в Фонде, сгорают ли деньги, если не обращался в поликлиннику? Эти вопросы периодически задают в социальных сетях. Несмотря на то, что система ОСМС действует уже с 2020 года, а информация о ее реализации постоянно публикуется, многие все еще не вникли, куда уходят взносы и отчисления. Директор Актюбинского филиала НАО «ФСМС» Алтай Уразбагамбетов ответил на эти вопросы. Внедрение системы ОСМС было обусловлено необходимостью увеличения доступности медпомощи, снижения дефицита финансирования. Если в 2019 году на здравоохранение было предусмотрено 1,03 трлн. тенге, то на 2023 год – уже 2,5 трлн тенге. Это позволило увеличить количество оказываемых медицинских услуг, соответственно больше граждан могут обратиться за той или иной медицинской помощью. Деньги за ОСМС поступают в Фонд соцмедстрахования? Многие ошибочно полагают, что платежи за ОСМС поступают в Фонд и он может распоряжаться ими по собственному усмотрению. На самом деле все взносы и отчисления, которые оплачивают граждане, поступают на специальный счет в Национальном банке и их нельзя расходовать на иные цели, кроме оплаты за оказанные медицинские услуги.

Куда уходят взносы?

Со специального счета в Национальном банке эти средства направляются медицинским организациям – поставщикам Фонда – строго на оплату оказанных медицинских услуг в системе обязательного социального страхования. То есть, застрахованные граждане получают всю необходимую по показаниям медпомощь, которая входит в перечень ОСМС, бесплатно, а оплачивает за них Фонд социального медицинского страхования. К примеру, за 2022 год на оплату медпомощи, оказанной в рамках ОСМС, было направлено около 836 млрд тенге. Сколько средств поступило за ОСМС? За период с 1 января 2023-го по 30 июня 2023 года в виде взносов и отчислений поступило 590,8 млрд тенге. Из них отчисления работодателей составили 37,7%, взносы государства за льготные категории населения – 33,2%, взносы работников – 24%, другие плательщики (ИП, работники по договорам ГТХ, самозанятые, самостоятельные плательщики) – 5,1%.

Эти средства ежемесячно направляются в качестве оплаты за оказанные медицинские услуги в систему ОСМС.

Можно ли снять свои взносы, если не обращался за медпомощью?

Система ОСМС является солидарной, а не накопительной. Не имеет значения, обращался ли конкретный человек за медицин-

ской помощью, так как здесь не предусмотрены персональные счета с накоплениями взносов. Казахстанскую модель построили как социально ориентированную, чтобы не ограничивать пациента в объеме и стоимости получаемого лечения, которое ему требуется по состоянию здоровья.

Рассмотрим на примере. При максимально возможном взносе за год гражданин соберет лишь 168 тыс. тенге (по 14 000 тенге в месяц). Предположим, что эти средства находятся на индивидуальном счете, и пациент может использовать их на лечение по своему усмотрению. Однако на эту сумму он сможет получить ограниченный объем лечения. Только стандартный набор анализов, проверка гормонов, наличия инфекций обойдется в несколько десятков тысяч. А если необходимо УЗИ, кардиограмма, КТ/МРТ и другая инструментальная диагностика? То есть, накопленных за год взносов может быть недостаточно даже на прохождение полноценного обследования для установления диагноза. Затем может потребоваться посещение дневного стационара или госпитализация в круглосуточный. Если же будут показания на операцию, а их стоимость достигнет нескольких миллионов тенге, то пациент попросту останется без медпомощи. Накопленных средств не хватит, чтобы покрыть стоимость лечения. Такой подход будет невыгоден самому пациен-

ту. Поэтому в отечественной модели системы ОСМС все средства поступают на единый специальный счет в Национальном банке. А откуда они направляются на оплату медицинской помощи, оказанной по ОСМС всем застрахованным гражданам, независимо от категории плательщика и размера осуществляемых им взносов. Если у вас есть какие-либо дополнительные вопросы или возникли проблемы с получением медицинской помощи, вы можете обратиться в «Службу поддержки пациентов» в своей клинике. Если разрешить ситуацию на месте не удалось, можно направить обращение в Фонд социального медицинского страхования удобным для вас каналам связи:

•мобильное приложение Qoldau 24/7,
•официальный сайт fms.kz
•@SaqtandyrıyBot в Telegram
•Контакт-центр 1414.

В Фонде также напомнили, что проверить свой статус в системе медицинского страхования и получить информацию о произведенных выплатах также можно на сайте электронного правительства egov.kz в разделе «Здравоохранение» через государственную услугу «Предоставление информации об участии в системе обязательного социального медицинского страхования в качестве потребителя медицинских услуг и о перечисленных суммах отчислений и (или) взносов».

КҮН КҮТКЕН КҮН

әңгіме

Сонда, азбандықтың қарғыбауы тағылып жатқан иттің, тұншыға шығып дауысы Құдайға бір жеткендей болған еді. Осылайша адам баласынан қашып құтылмайтын сұмдықтардың, осы бірінші ойына кеш оралғанына өттеген-ай айтты. Терең ойда жатып, ұйықтап кетті.

Айдың бүгін екінші аптасының дүйсенбісі. Төсегінен тұра сап, сыртқа шығып кірген Ұранға, анасы беті-қолын жудырды. Жудырды да, іштей күбірлеп бірдемелерді айтты. Оң алақанын пештің алдында қара жерге соқты, соққан алақанын оның кеудесіне басты. Осылай үш мәрте қайталап аптаған шешесі, ұлының қозғалған жүрегін орнына түсіргендей еді, бұл қобалжыған көңілді тыныштандырудағы халқымыздың әлхиса бір әдеті де.

Тынымсыз тіршілік. Тыныштығында тұрлаулы кез болған ба?! Таңғы астан кейін көрші отағасылар тыста ұшырасып қалды. Ауылда иттің ұшырғынан ба, тұн ауғанда түлкінің шөуілдеп үргенін естігендіктерін айтты. Сөз кезегін алған мұғалім: «Шөп салған жақтан шыққандай болды, арғы жотаға шығып, мылтықты тарсылдатып», - деп сөзін үзiп барып қайта жалғаған ол: «Қораға қасқыр түсіп жүрмесін», - деді. Күлге жауап берген Күресхан: «Ахалына асыққан қасқыр болмаса, түлкінің інін тауып, жанын ал демейісің», - деп әзіл-шыны аралас жауап бере, досын мектеп жолына салды. Алғашқы қоңырау күні болатын, Меміш мұғалім оқушы балалармен ойынға айналса қорқыныштан арылар деген оймен бес жасар ұлын жұмысына алып кетті. Күңгейдің құлағынан әуелеген күн алпақты шуағына бөктіріп, Сары теріскейдің биігінен әріге жасырынуын қайталап жатты. Ойын баласының көкірегіндегі күптілігі басылды. Түн ұйқысы төркінін тапқандай.

Күресхан пункт пен үйдің арасын бөліп тұрған төбеге барып отырды. Жападан-жалғыз ұзақ отырды. Алыс-жақына көз қыдырыпты. Жалғыз отыруының сыры да бар. Пунктте жатақханада жатып бірге жұмыс жасайтындыр І қазан, мемлекет мерекесінің демалысына орай, қаладағы жануарларына кеткен-ді. Ферма жоғары дәрежелі әскери біліктің құзырында. Және негізгі бастықтары әскерилер. Сондықтан әрбір қызметкер тапанша және автомат ұстауға құқылы заңды тұлғалар болып есептеледі. Қарулары - көдімгі соғыс автоматтың жеңіл санатына жатады. Оқ бүркетін таңдай қапшықтарына бір кезекте бес тал оқ салынады, атқан сайын шапшақты тартып, таңдайына оқ алатындай әурешілігі жоқ. Бұл автоматтың нысана қашықтығы – 2000 м. Күрекеннің қаруы да дәл осы санатта. Оның мына отырысын бақсаңыз, қиялы жүйрік көңілің сан арманға жетелеген болар-ау, сірә! Күн сиыр түске шақ қалды. Аңқұмарлығы ойына түсті ме, орнынан тұрып үйіне қозғалды. Жұмсақ қара маталы орауыштан автоматын шығарып, тігес бойын жарқырата сүртіп шықты. Ісі мүнымен біткен жоқ. Мылтық түтігінің бауырындағы сүмбені суырып алды, ұшына кішкене дөкені орады да, түтікке жүгіртіп, ішін ысқылап болды. Осыдан кейін оқ салынатын таңдай қапшықты жауып, шапшақты шарт-шұрт еткізіп, алды-артқа тарта орнына түсірді. Алдыңғы (жақын) қарауылға арытқы жатқан (алыс) қарауылдың қашықтығын көтеріп, теңшеп бақты. Осылайша автоматтың қос қарауылын сынаған ол, сырт-сырт еткізіп шүріппені екі басты. Езу тарта бір жымыып алды да, қарудың дүмін төбеге қарата орнына іліп қойды. Әйелінен сұрт сандықтың кілтін алып, оқтарын санап реттей бастады.

Таңның атуы мұғалімге демалыс сыйлады. Құлқын сәріде екі аңшы атқа қона, шөп салғаннан асқан. Көк аспанға көсілген ұшқыр көңіл зәндемнің інін іздеуге, жақын маңға аялдаптады. Екі аңшы қоңыр андар жартылып айырылатын Тамшының күңгей жотасынан бірақ шықты. Олар биікте ұзақ отырып, Зібілдің күңгейіне дүрбі жіберіп сүзе бастады. Қанша тесілсе де шаққалдан аң атаулы кезге түспеді. Үндері іштеріне түсті. Үміт үзіп отырған бір сәт Күресханның шайналған қанжығасы қан тартты ма, еңістегі кесіліп жатқан жалпақ

теріскейге созыла барып, тоқтаған тұмсық тас арасынан құлақтарына даңның үні жетті. Неше дүркін тарс-гүрс болып шыққан үнге, қорымның құлаған жаңғырығы жармасты. Осылайша біріне бірі ұласқан ддыбыстар тау-шынды жаңғырта, еңістеп кете барғандай, Бірі «Теке», - десе, біреуі: «Құлжа», - деп таласа баспалай басып, жоталай кетті. Тұмсық тастың қиыс оңтүстігіне шыңның басынан салылдыға түсті. Шоқпар тастың бүйірін далда тұтып отыра қалысты. Күрекен қыбыр еткенді қалт жібермейтін қандыкөз қыран-ақ. Ол бірден көрді, көрді де: «Андааа, бір үйір арқар!» - деді, күбірге жақын дыбыс шығарып. Көз ұшыған бері қашықтықта, қорымды өзектің жайыла жаратылған тепсеңінде шөптің басын шалып отта, тым бейғам жануарлар. Серігі де, жанарын жаңылдырмай қадала:

- Тепсеңнің арғы иығында да біреуі тұр ма, көкпепі ме, дене тұрқы кішілеу. Топтың ортасындағы дәу құлжаны көрдің бе? Тамағының астындағы арқар күйекке тұр-ау, мойын жағы ағарандап... дүрбінді салшы...оң жалдай, - деді.

Басынан мойын түбіне дейін аппақ, қызыл күрең құлжа. Тұсағы сияқты, кішілеуі құлжасының төсін жалап тұр. - Е...е... тұзға түскен құлжа болды, жануар. Өткендегі Қарабауырдың тұзынан қайтқан осы болмасын. Бұл сөзге мерген селт еткендей. Өткенде-ісі, бұлар көшіп келіп, жүктерін енді түсіре бастаған сәт болатын. Қыстаудың қарсысынан көрінген тайыншадай қызыл күрең, ақ құйрық жалғыз құлжа бағытын батыс солтүстікке алып кеткен-ді. Сонда, Күресхан, мылтық пен оқтың қайсы түйенің жүгіне салынғанын еске түсіре алмай, бәйбішесіне бақырып, бармағын шайнаған. Тіпті, неше күн ұмыта да алмаған еді...

«Тұзға түскен» дегені – бұл жануардың еркегі үйірге түсер алдында шабыспен терлеп барып, сортаң-тұзды жердің ұлпа сорына аунайды. Жүндерінің арасына тұзды сіңіріп кептірген ол, үйіріне қайтады. Қайтқан жолында сіңген сорды арқарларына жеткізу үшін, денесін бусандырмай тобын табады. Осыдан кейін жыныстық жақтан жетілген аналықтары күйтке түсетін жағдайда жұбының өнбойынан ащы жалап, әрі қараб күйітін ашады. Бұл – арқар тұқымында екі жарым жаста басталатын құбылыс. Міне, анау ала мойын, кең де, керкеуделі құлжасын жалап тұрған сыры – осы. Ал, аталықтары күш толғанда үйірге түседі. Себебі, әлсіздеріне дес бермейді де. Манағы жаңғырық – осы екі тау тағысының арасындағы айқастың дүмпуі болатын. Жеңілгені күзет бағып тұрғаны да. Бұл жануарларда адамдардай күндестік болмайды ғой. Екі аңшының күңкіл әңгімесі өшті. Күрекен қан ішуге дайын автоматтың қарауылын 500 метр қашыққа тартты. Меміш ақырын ғана сұрады: -Қайсысын сұлтапқасың? - Ортадағы дәуді.

-Жоқ!

-Неге, ат көтере алмайды демекпісің? - Обал болар, үйірге түскелі ұшырасқан, екі тіршілік иесі де.

-Тыныш

-Басқалары кезіме толмай... оқушы мен емес, тыныш....

Мұғалімның жағы қарысты. Күпірліктің киеге жолықтарыын, киені ерте ме, кеш пе, Құдайдың күні күтіп тұрарын мерген ойламады. Күйіт кезегін күткендері болар, тағы екеуі айналып ақ құйрық дәудің жотасы мен ағарған таңын жалай бастады. Көп арқардың арасынан көңілдегісінің тақыр қолтығы қарауылға ілінер емес, әзірге. Аңшылардың бірінің тағаты кетсе, бірінің сағаты жылжып жатқан кез еді бұл.

Қызғанышы ма, алғашқы, ұрғашы еміреніп еліртіп жіберді ме, кенет соның жотасына қарғып, төсін қойған алыптың қолтығы ағараң етуі мүң болды, құмарлықтың шексіз биігінен асырмады, тарт етті. Төкаппар тағы құшағын ала жалап етті. Семіз тұсақ атып тұрды. Жалыннан жатыры тұңғыш жанын жатқандай ма?! Іілген белін жазып та үлгермеді, екі-ақ орып иыққа шықты. Артына бұрылып, кідіргенде, беткейегі аңшыны көріп, әріге көз жаздырды.

Күресхан, жүрегі қак ортадан талқан болған аңды оңына аунатты. Бисимилласын айытты. Іірілген дәу мүйі-

ізді шалқайтып баса, бауыздаудан орып қалды. Қоңырланған қан сарқылды. Лыпып тұрған ақ кездік жұлыннан өтіп, желке теріні қиып бірақ тоқтады. Мүйіздің сақинасын санаған аңшы: «Жеті», - деп, өзіне-өзі күңк етті. Осыдан кейін барып, тобылғыдан істік жонды. Ішек-қарнын шығарды. Тасада қалған қос атты алып, жолсерігі де кешікпей оралды. Жеті жасар олжаның басыз денесі Момынбайдың артына бөктерілді. Мөміш ертоқымға отырғанда, қоңыр жорғаның қақпан белі иінін де жазыңқырады. Жотадан еңкейіп, Сексеннің адырларын етектеп, жол аяңмен тартып келеді.

Ақ мүйіз желкесіне бағытталған, дәл маңдайында алдыға қарай жаралған, көмірдей қара жалғыз мүйіз. Ғажап жаратылған. Міне, тәуба! Үш мүйізді ақбас, ала мойын, қызыл күрең шала күйітті бейшара өкпе тұстарында, ғайыптан оралғандай, арқан бойы аласа төмпештің үстінде тұр екен. Қан ісі мен құлжасының ісі мұрнына тиген ол, пысықра жерді тарпыды. Қаттырақ маңырап-маңырап жібермесін бе?! Күресханның тұздай көзі тұна түсті. Мана, қарауылға ілікпей кеткеніне іштей өкініп келе жатқан ол тақымдағы мылтықты суыра бергенде, Момынбайдың:

- Атпа, обалды ойласаң нетті! - деп жарқаштана қатты шыққан дауысы ырқынын бірден басты. Үш мүйіз аң адырдың оңтүстігіндегі сары жонды бетке алып, жұлдыздай ақты. Тек, қаралы хайуанның азалы үні ғана, екі аңшының құлағынан кіріп, жүректерін тітіркендеді. Аңның киелісін аңғарды... кештете жүрген олар, жұлдыз шыққанда үйлеріне оралды.

Таң атып, күн батып, маусымдар заңдылығында ауысқанын тоқтатпады. Күресхан уақыты келгенде қызығатын саятшылығын дөңгелете берді. Күз бен қыс айлары, қолы босағанда жоңыр аңдардың тынышын кетіріп-ақ жүрді. Саяттағы осындай күндердің бірі. Күн төбеге көтеріліп, жылуын төбеге шақ. Қаһарманның шатқалынан қайқайды. Ат үстінде, екі бетке кезек дүрбі салумен, бір тұмсыққа шыға келді. Қарсысындағы күңгей бетте жанғар жартас, жартастың асты – үй орнындай қоқыр тас. Шығыс бағыты – етекке құлаған қорымды өзек. Қорымның оң жағы беті – ашық күңгей. Қожырдың құлама бағыты аяқты пенде түске, қайтып шыға алмас шыңырау тұсы. Жартастың жалама бетінде, күнге шуақтап жабысып тұрған сұрт теке. Тұмсықта тұрған тағы екеуін көрді. Автоматтың үңірейген аузының жанын суырып аларын хайуан жүрек сезсе бұйырмасын. Жер мен көктің арасында тұрғанына паңданғандай, шекіе қарады. Күрекен атын жолдасына ұстатты. Жүріге басып шылбыр бойы жердегі жүктей тасқа кеудесімен жабыса кетті. Тастың иығынан қарауылға алды да, шүріппені басып қалды. Тау іші гүрс еткен дауыстан күңірене жөнелді. Жаламадан омақаса құлаған теке, зуууылдап келіп, мүйізімен шаншыла, қожырға шарқ етті.

Екі аунап шыңырауға құлады. Қорымның оң бетіндегі ұшқатқың түбінен үрке қашқан оншақтысын көзі тағы шалды. Жалма-жан түрғелген Күресхан, ажалына деп келген біреуін тағы да домалатты. Домалап, етекке түскен серкештің алқымын баяғы сол кездік есіп етті. Екеуі жөріге тастағы сыңар қалған мүйізді тапты. Түбінен опырылған қуыс мүйізге қарап отырып: «Дөнен екен, нысанаға ілінген жері алдыңғы қолтық пен жуан мойынның қоспасы еді», - деді. Сөйтіп, оққа ұшып бұйырғанын ырыздығына, бұйырмай қиынға түскенін ит-құсқа жем етті.

Мұндай сәттерде, бой жылыту үшін шараптан гері жалыны көкішлденген спиртті ұнататын. Аязды күндерде қоржынына сала жүріп, тартып та алатынын қоймады. Тіпті, өңешін өзектеген көкішіл жалын өкпе-бауырын өртегенде, жаураған жаны рақаттанып та кететін-ді.

Ол осылайша ажал құшқан бейуыздардың қолқа-жүрегін суырып, білегін қанға батырумен жүргенде, Мөміштан бастауыш білім алған Өркен аудан орталығындағы орта мектептің табалдырығын атады. Содан да қатын-баласы тегін орайып тұратын ырыздықтарын ұрттарынан жырып, қаланың өлшеулі етіне тәуелденді. Көріш қақысы үшін іргесі тіте оты-

рып, олжаға ортақтасып өткен Момынбайдың да бала-шағасына оңай болмады-ау! Ферманың шешімімен берілетін лақ-серкештермен көк ішектері көгерге барып көрісетін болғанды.

Қалаға түсіп, жіпсіз байланған сахараның саятшысы кейінгі аз ғана ғұмырында қайтті дерсіз?! Қарабауырдың елік, қарақұйрық, тауешкі, таутекелерін қынадай қырған қылмысты шақтарын қымсынбай сағынатын болған. Одан да қызығы: ала арқардың жанын суырып алмаған баяғысын ойлап, өкінетін сәттері жоқ емес-тін. Мал дәрігердің көпестігімен келетін көк жалын көзінен бұлбұл ұшты. Зері-дүден бір күнін болмаса да, бір күнін шарап дүкендерінде өткізіп жүрді. Сөйтіп, жүріп ауруханға түскенін сезбей де қалды. Бауыр қатып, ішкі ағза толығымен ісінген. Шарасыздықты мойындап отбасына оралды. Төсекте жатып жаны қиналды. Қиналған уақыттарында:

-Құдай неге алмайды, қинамай, бүйірткенше, сұрт текемен бірге шыбын жаным шыңырауға кеткен болса еді! - деп те кейітін-ді. Іші-бауыры өртеніп арпалысқанда, әйелі мен ұлы қасына тұра алмады. Бар қолдарынан келгені: ет сатып алып, сорпамен азықтандыру болды. Олар ет дүкенінен келгенде, сүрмерген шалқалап жатқан еді. Желкесі тартыла шалқалаған бойда, екі аяғын кіндігіне қарай бүге, қолдарымен көкірегін тырма-лаған ол, булыққаннан тамағын қолымен қыса, ыңырси өтіп бара жатқан сәт еді.

- Өке! - деп Өркен бақырып жіберді, ал, жұбайы Тұрсынғүл еңірей барып: «Күресхан-ау, Күрес, а деші!» - деп жұлқып-жұлқып ойбайға басты. Қазаның басын білегіне қойып, тегіліп жыла берді. Еңіреп етегі жасқа толды. Есі кеткен ол, он тоғыз жыл отасқан жарының езуінен аққан қанды көрді. Бас орамалын алып сүрткенін өзі де сезбеген-ді. Ақтық есіеті ыңырсыған үні екенін түсінді, алақанымен қабағын түсірді. Мейітті құшақтай еңіреп жатқан он сегіз жастағы ұлды ақырата, иығынан тартты. Шашын жая зарлап жүрген Тұрсынғүл сонда ғана спиртке ашытқан алмас сұйықтығы құйылған құмыраның қасында аузы ашық, жанында шай кесесінің қисайып жатқанын көрді: өзінің тізесі қақсағанда қабылдайтын дәрісі еді.....

Күйзелген ананың ендігі көресісі жазымыштың жазуындағы жалғыздық болашағына телінді. Жалғызсы студенттік өмірмен қош айтты. Болашақ қалыңдығын жетектеп, шешесінің құшағына олжаман енді. Қуаныштан жарылар болған ана жүрек, қасіреттен қарс айырыларын Тәңірден басқа қайсы пенде сезінген?! Қызық қашанда көпте ғой... Өркен жұмыстан кеш қайтқан. Аяулы анасы мен қалыңдығын көруге асық, Ай жарығында қала шетіндегі көшеде жылдам басып келе жатқан жас жігіт махаббат үшін бақталасының ұйымдастырған қарақшылығына тосын тап боларын ойламаған. Қызғаныштың құлы Мұрал еді. Оның мастықпен ұрған мүйіз сапты кездігі Өркеннің сол жақ тақыр шабының күре тамырын қиып, әріге бойлады. Ақ ұлпа қарға балағынан суша аққан қанды көрсе де, қарқұйлының қыбы қанбағаны-ай! Қасындағы қарақшылар арқаланды. Тістене тұрып, оқыс шалып, жалманнан түсірді. Орынан көтерілуге мүмкіндік бермей, іші-бауырына тепкіледі. Есінен тандыра тепкілеп тастап тайып тұрды. Қандықол Мұрал масалаң қалпы үйіне келді. Ол отбасының кенжесі, ер-келіктен еті өліп ескен-ді. Беті бүлік етпестен ата-анасына болған оқиғаны баяндады.

Оның құдай болған өңін мастыққа жорып, төбе шашы тік тұрған әкесі: «Не деп сандырақтап отыр, мына иттің ғана... безбұйрек!» - деп ақырды. Егескен ессіз еркесі қанды қанжарды қиынабын суырып, үстелдің үстіне тарт еткізіп: «Болды ма, енді сендің бе?» - деп, орнынан сенделетіуі тұрды. Екі қолын артына ұстаған күйінде, езуі көбіктеніп әкесіне екжіреге қадалды. Суық қанжардан әке жүрегі зууу етті. Заңнан толық сауатты лауазым иесі қолмен істегендігі мойнымен көтеріп жағдайдың болғанына біліп, ішкі істер басқармасының қылмыстық топты құрықтау бөліміне қоңырау шалды.

adebiportal.kz
(Соңы. Басы өткен санда.)

15 тамыз 2023 жыл

3

«БЖЗҚ» АҚ ТЕЛЕФОН АЛАЯҚТЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТЕДІ

Соңғы кезде алаяқтар телефон арқылы алдаудың жаңа схемаларын ойлап тапты. Себебі, телефон қоңыраулары — күтпеген жаңалықты естіп, абдырап қалған адамнан құпия ақпаратты алудың немесе оны алаяқтың шотына ақша аударуға мәжбүрлеудің ең көп таралған тәсілдерінің бірі.

Телефон арқылы жасалатын алаяқтықтың жаңа түрі – өзін БЖЗҚ қызметкері ретінде таныстырып, қандай да бір компанияның бас бухгалтеріне қоңырау шалып, сол ұйымның қызметкерінің зейнетақы шотының бұғатталғаны туралы хабарлайды. Себебі оның компания БСН-ы бар транзиттік шоттарына тыйым салынған. Бұғаттан шығару мақсатында бухгалтерлерге алаяқтардың шотына берешек соманың жартысын салуға кеңес береді, әйтпесе компанияға зейнетақы жарналарын уақытылы есептемегені үшін айыппұл салынады деп қорқытады. Осылайша, телефон арқылы сөйлесу барысында алаяқтар өз құрбандарын олардың шоттарына үлкен аударымдар жасауға итермелейді. Зиянкестер әлемнің жез-келген елінде болуы мүмкін және көбінесе телефон нөмірлерін интернет желісінен табады, жәбірленушінің аты мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі салымшылар (алушылар) үшін +7 (727) 356-10-60 нөмірі бойынша немесе Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған «онлайн қоңырау шалу» сервисі арқылы кеңес алу мүмкіндігі берілген.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

АО «ЕНПФ» ПРЕДУПРЕЖДАЕТ О НОВОМ ВИДЕ ТЕЛЕФОННОГО МОШЕННИЧЕСТВА



В последнее время мошенниками изобретаются новые схемы телефонного обмана, т.к. телефонные звонки – один из самых распространенных способов получить у растерявшегося не неожиданно сти человека конфиденциальную информацию или принудить его перевести денежные средства на счёт мошенника.

Считим из новых видов мошенничества по телефону стали звонки главным бухгалтерам компаний от злоумышленников, которые представляются сотрудниками ЕНПФ и сообщают об аресте пенсионного счета сотрудника компании, т.к. у него имеется арест на транзитные счета с БИНОм компании. В целях снятия ареста бухгалтерам предлагается внести половину суммы задолженности на счет мошенников, в противном случае компания якобы грозит штраф за несвоевременное зачисление пенсионных взносов.

Таким образом, в ходе телефонного общения мошенники провоцируют свою жертву совершить крупные переводы на свои счета. Злоумышленники могут находиться в любой стране мира и зачастую находят номера телефонов в сети INTERNET, узнают

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

Аудандық білім бөлімі мен білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Ойыл аудандық ұйымы аудандық білім бөлімінің экономисті Айнұр Қалиязоваға әкесі

Сансызбайдың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

лелері бойынша ақыл-кеңес беру, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы жинақтарының дербестендірілген есебі және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кіреді;

• зейнетақы жарналарын төлеудің толықтығы мен уақытылы жүргізілуін БЖЗҚ емес, салық органдары бақылайды;
• зейнетақы жарналарын ұзақ уақыт бойы төлемеген жағдайда, БЖЗҚ қызметкерлері салымшыларға төлем жасамау себебін анықтап, қажетті ақыл-кеңес кеңес беру мақсатында ғана қоңырау шала алады;
• БЖЗҚ қызметкерлерінің қаражатты белгілі бір шотқа аударуды талап етуге құқығы жоқ.
Кез-келген ақыл-кеңесті БЖЗҚ бөлімшелерінен де, қашықтықтан да алуға болады;

көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, Twitter және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі салымшылар (алушылар) үшін +7 (727) 356-10-60 нөмірі бойынша немесе Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған «онлайн қоңырау шалу» сервисі арқылы кеңес алу мүмкіндігі берілген.

имия и социальное положение в социальных сетях, посредством различных мессенджеров и сервисов.

Оказавшись мишенью таких махинаций, важно знать:

• в функции ЕНПФ входят консультации вкладчиков и получателей по вопросам накопительной пенсионной системы, привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, персонифицированный учет пенсионных накоплений и осуществление пенсионных выплат;
• полноту и своевременность уплаты пенсионных взносов контролируют налоговые органы, а не ЕНПФ;
• в случае неуплаты пенсионных взносов в течение длительного времени сотрудники ЕНПФ могут обзавизания вкладчиков исключительно в целях выяснения причин неуплаты и консультации;
• сотрудники ЕНПФ не имеют права требовать перевести средства на определённые счета.

Любые консультации можно получить в отделениях ЕНПФ или дистанционно: через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также через официальные страницы в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «Вконтакте», «Twitter» и «Instagram», при помощи WhatsApp по номеру +7 777 000 1418.

Для вкладчиков (получателей), находящихся за пределами Республики Казахстан, есть возможность получения консультации по номеру +7 (727) 356-10-60 или посредством сервиса «Позвонить онлайн», размещенного на корпоративном сайте Фонда.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ-ЖАСТАР ШӨП ТҮСІРДІН БЕ?

МЕН СЕНЕМІН ЖАСТАРҒА. АЛАШ АТЫН АСПАНҒА ШЫҒАРАР ОЛАР БІР ТАҢДА, МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІНІ, - ДЕГЕНДЕЙ БҮГІНДЕ БІЛІМ-МЕН, ЖІГЕРМЕН ҚАРУЛАНЫП, ҚОҒАМҒА БЕЛСЕНДІ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАРМЕН МАҚТАНАМЫЗ.



12 тамыз Халықаралық жастар күніне орай «Жаңа Қазақстанның болашағы – жастар» атты Ойыл ауданының жастарына арналған форум өтті.

Орталық саябақта өткен шара алдымен «Ауыл аманаты» жобасының жас қатысушыларының өнімдері мен жас кәсіпкерлердің бұйымдар көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеде қолөнер шеберлерінің әртүрлі заттардан жасаған туындылары өзіндік

ерекшелігімен көз тартты. Одан кейін аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жастарды мерекемен құттықтап, ел сенімін, үмітін ақтау - жастардың қолында екенін атап өтті. Бір топ үздіктерге аудан әкімінің алғыс хатын тапсырды. «Ауыл аманаты» жобасына қатысып, ауданның кәсіпкерлік саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Қарлығаш Зейноллаева, Мейрамбек Бисенқұлов, Ринат Шілманов, Айсұлтан Имұханов,

Гүлзат Үйелбаева, Айшолпан Ташева, Нұргүл Сәлімгереева, Гүлжан Сқақова, сондай-ақ жас кәсіпкерлер Әсима Шамаева, Ақнұр Ғазизовалар марапатталды.

Біздің елімізде өскелең ұрпаққа әрдайым көңіл бөлініп, істеріне қолдау жасалады. Осы қолдауды сезінген жас буын қоғамдық жұмыстарға үнемі белсене атсалысып, өздерінің алған білімі мен тәжірибелерін іс жүзінде көрсету-

де. Бұл орайда аудан жастарының күнін атап өту арқылы қоғамның қозғаушы күшіне айналған жастардың осы бір белсенділігін арттыру көзделген.

Аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдинде өзінің атынан бір топ жасқа Алғыс хатын табыстаса, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының есеп және статистик секторының меңгерушісі Молдашқали Қазмұханов «Жастар Рухы» Жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Әнуар Искариннің Алғыс хатын аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Әли Еркін, Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Амангүл Бисенбина, Ойыл аграрлық колледжінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Інжу Досбаева, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі Азамат Жасұланов, Ойыл қазақ орта мектебінің физика пәні мұғалімі Жеңіс Зейноллинге тапсырды.

Айтулы мерекеге үлкен дайындықпен шыққан аудан өнерпаздары жастардың құрметіне әсем ән мен мың бұралған биден шашу шашты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.




- Негізгі бағыты ата кәсіп болғандықтан, қазір Ойыл ауданында қысқы мал азығын дайындау науқаны қызу жүріп жатыр. Кәсібінің шырайын енгізіп, адал малының амандығын тілеген шаруалардың көбісі қазірдің өзінде қажетті қорын жасақтап үлгерді. Ендігі басты міндет болып отырғаны - жеке тұрғындардың мал азығымен қамтылуы. Бүгінгі күнге дейін аудан аумағында 151,8 мың тонна шөп дайындалған. Бұл толық қажеттіліктің 70 пайызын құрайды.

Барлық тасымалданғаны 115,7 мың тонна, орындалуы 76,2%, оның ішінде қыстақтарға 67,5 мың/тонна, тұрғындарға 48,2 мың/ тонна ғана тасымалданды. Ауданда мал азығы қажет 2110 аула болса, бүгінгі күнге 773 аулаға ғана шөп түскен. Бұл 36,6 % пайыз. 773 ауланың да барлығы бірдей толық қамтылған жоқ. Шөптің тасылуында кідіріс жоқ. Тек тұрғындар шөп алуға асығар емес.Қыстан қысылмай шығу үшін аудан бойынша 215,1 мың тонна шөп дайындау қажет.

Шөптің негізгі көлемі табиғи шабындықтарда дайындалады. Қалыптасқан климаттық жағдайды ескере отырып, алдағы қыстау кезеңінде мал басы жеткілікті мөлшерде жем-шөппен қамтамасыз етіледі деп айтуға болады. Мал азығын дайындап жатқан шаруа қожалық басшылары шөп жеткілікті, қажетті мөлшерде жергілікті тұрғындарды қамтамасыз етеміз деп отыр. Сонымен қатар, биылғы жылы берілген жоспарға сәйкес мал азығы дақылдары бойынша 2300,0 га оның ішінде 1750,0 га көпжылдық, 550,0 га бір жылдық екпе шөп егілді. Бүгінгі таңда «Тәжібай-Агро» ЖШС, «Еңсеген» АӨК, «Көбек», «Орышша» және «Ақорын» шаруа қожалықтарында егілген екпе шөптерді орып, жинау жұмыстары жүруде, шөптің шығымы әр гектарынан орташа есеппен 12-15 центнерді құрап отыр, - дейді аудандық кәсіпкерлік және ауыл-шаруашылығы бөлімінің басшысы Абат Мұбараков.

С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

АҚША ҮШІН ГРАНТ АЛУҒА КӨМЕК ҰСЫНАТЫН «КӨМЕКШІЛЕР» - АЛАЯҚТАР ТУРАДЫ «АТАМЕКЕН» ПАЛАТАСЫ ЕСКЕРТЕДІ



Ақтөбе облысы Кәсіпкерлер палатасы бизнес пен халықты сыйақы үшін "Атамекеннен" қаржылық мемлекеттік қолдау (грант) алуға кепілдік беретін, ақылы оқыту семинарлары мен консультациялар өткізетін, несиелерді ресімдеуге көмектесетін алаяқтық жағдайлардың жиілеп кеткенін **Ескертеді**. Кәсіпкерлер палатасы қаржылық қолдаударды жүзеге асырмайтын ресми түрде хабарлаймыз. Оқыту мен кеңес беру "Атамекеннің" барлық қызметтері сияқты тегін жүргізіледі.

О МОШЕННИКАХ, КОТОРЫЕ ЗА ДЕНЬГИ ПРЕДЛАГАЮТ ПОМОЩЬ В ПОЛУЧЕНИИ ГРАНТА, ПРЕДУПРЕЖДАЮТ В ПАЛАТЕ «АТАМЕКЕН»

Палата предпринимателей Актобинской области предостерегает бизнес и население, что участие мошеннические случаи, когда за вознаграждение дают гарантию получения финансовой господдержки (гранта) от «Атамекена», проведение платных обучающих семинаров и консультаций, помощь в оформлении кредитов. Официально сообщаем, что Палата предпринимателей не осуществляет финансовые операции. Обучение и консультации проводятся бесплатно, как и все услуги «Атамекена».

Азаматтардан қырағы болуды және осындай фактілер туралы құқық қорғау органдарын (102) алдын ала хабардар етуді, сондай-ақ жеке деректер мен жеке шот нөмірлерін белгісіз тұлғаларға бермеуді сұраймыз. Өз ісін ашу және бизнес жүргізу мәселелері бойынша консультациялар алу үшін "Атамекен" өңірлік кеңселеріне хабарласуыңызды сұраймыз. Барлық қызметтер ақысыз негізде ұсынылады. ҰҚП бірыңғай call-орталығы 1432 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін).

СЫН САҒАТТА ХАЛҚЫНА СҮЙЕУ БОЛҒАН СҮЙЕСІН!

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ ҚАРАОЙДЫҢ ӨМІРІ СҮЙЕСІННІҢ НАҒЫЗ СЫНАЛҒАН ШАҒЫ. СОЛ УАҚЫТТА ЕҢКЕЙСЕ ДЕ, ЕҢСЕСІ ТҮСПЕГЕН ҚАРИЯНЫ, ҚАБЫРҒАСЫ ҚАТПАҒАН БАЛАНЫ ДА ЕҢБЕККЕ АРАЛАСТЫРЫП, ЖҰРТТЫ БІР МАҚСАТҚА ЖҰМЫЛДЫРДЫ. КҮНКӨРСІ МАЛҒА ҚАРАҒАН АУЫЛДЫ ӨРКЕНДЕТУГЕ ӨЗІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ПЕН ҚИЫННАН ҚИЫСТЫРЫП ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ШЕБЕРЛІГІМЕН ҮЛЕС ҚОСҚАН СҮЙЕСІН АҚСАҚАЛДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ НАҒЫЗ ЕҢБЕК МАЙТАЛМАНЫНЫҢ ӨНЕГЕ МЕКТЕБІ. ТАЛАЙ ТАҢДЫ АТ ҮСТІНДЕ АТЫРЫП, ДАМЫЛ ТАППАЙ МАНДАЙ ТЕРІН СЫПЫРЫП ЖҮРІП, ҚЫРУАР ІС ТЫНДЫРДЫ...



Сүйесін Тілеумағанбетов 1894 жылы қазіргі Атырау жерінде, Қызылқоға ауданының Тайсойған өңіріндегі Сорқуыс деген жерде дүниеге келген. Заман ағымына қарай бел немере тумасы Халел Досмұханбетұлы, басқа да ағайындары бар, Ойыл жағына, нақты айтсақ, Жекенді бойына — Шілісайға қарай қоныс аударған. Бір ұядағы Сүйесін, Демеу, Еңсеген және Мәнет — үш ұл, бір қыз, сүйенісіп ержетеді. Сүйесін үйдің үлкені болғандықтан, шаруаға ерте араласады. Ол Алашорданың Ойыл уәлаятын құрушы қазақ зиялыларының бірі Халел Досмұханбетұлының қолдауымен

Алашорда әскерлеріне Көк-жар жәрмеңкесінен азық-түлік, киім-кешек, мал, қару-жарақ, көлік дайындап, база, үй салып, сол жерге қоныстанған. Орындары әлі күнге дейін жатыр. Ол жер Сүйесін отары деген атпен тарихта қалып, ұрпақтары ескерткіш белгі қойды. Тілеумағанбет атамyz бен Ақсұлу әжеміздің де белгісі жаңартылды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Сүйесін ақсақал қолындағы малды халыққа он бес-жиырмадан үлестіріп, «өлтірмейсің, сатпайсың, жемейсің, өсіресің» - деп бақтырып, кейін колхоз болғанда қайтадан жинап алған. Үкімет халықтан ет, май, жүн, жұмыртқа, сүйек, тағы басқаларын қабылдағанда Сүйесінді Қараойға дайындаушы етіп жіберген. Сол жерде «Қоныстану» деген колхоз құрылып, сонда басқарма болып қызмет жасаған. Қоныстану — Қараой колхозы, Қызылқорған ауылдық кеңесі болып іріленді. Сол кезде жеті жылдық мектеп салынды, ол кеңшар құрылғанды тұрғын үй ретінде пайдаланылды. Мұғалімдерге үй берілді. Үлкен клуб үйі бой көтерді, ауыл дәрігері тұрғынжаймен қамтамасыз етілді.

Көшенің қарсы бетінен үш бөлмелі кеңсе, басқарма, партком, бухгалтерге арнап салынған үйлер бой көтерді. Үлкен астық са-

райы, трактор-машина ондайтын гараж, көрік басатын ғимарат, монша — мұның барлығы сол кездің жүзеге асқан шаруалары еді. Көзі тірісінде Құбай деген ағамыз: «Бала, сенің әкеңнің осы елге жасаған жақсылығы аз емес, ертең соны айтатын да адам қалмайды» деп біраз әңгіме айтқан деп еске алады баласы Қаршыға.

«Сол бір ескі жылдарда Жақсыбай бойына Әсия шешеміз бастаған әйелдерге қой саудырып, сүт өнімдерін жасатыпты, Балсекерге тауық бақтырып, жұмыртқа жинатқан. Құлақшиде сиыр саудырып, одан алынған майды Ойылдан агенттер алып кетіп отырған» - дейді.

Ал, «Ойыл» энциклопедиясында «Жас кезінде інісі Демеумен бірге Жагор деген орыста жалданып жұмыс жасаған. Кейіннен Көкжар жәрмеңкесінде мал қабылдаған. Оны Ащысай бойында (Демеу мен Еңсеген) бағып, етке өткізіп отырған. 1940-42 жылдары Қараой селолық тұтынушылар одағының жетекшісі. Одан кейін 13 жыл бойы Ленин атындағы ұжымшардың басқармасы қызметінде үздіксіз жұмыс істеп, мал өсіру мен егіншілікте елеулі көрсеткіштерге жетті. Осы жылдары ұжымшарда мемлекетке өткізілген әр қойдың тірілей салмағы 100-120 кг дейін жетті. Соғыс

жылдарында ауылда панасыз, жетім балаларды тегін жатақханамен, тамақпен қамтамасыз еткен. Ұжымшар мал түліктері жөніндегі республикалық көрмелерде бірнеше дүркін сыйлықтар алды. Тілеумағанбетов Сүйесін еңбегі жоғары бағаланып, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», Ленин ордендерімен марапатталды» - деген деректер келтірген. Осындай құрметке ие ақсақал 1955 жылы 25 ақпанда Ойыл ауруханасында қайтыс болғанда, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ідіріс Ерғалиев, прокурор Тілеген Шарағөзов бастаған азаматтар қарлы боранда трактор шаңамен ауылға апарып, Сырлыбай қорымына жерлеген.

Сүйесін басқарған колхозда қатар жұмыс істеген Балай Өксікбаев, Ленин орденді малшы Мұқан Қодаров, тары өсіруші Есқайыр Шалқарбаев, ұста Аққали Айжарықов сынды әкелерісі өзгеше бөлек тағдыр иелері бүгінде арамызда болмаса да, олардың жақсы есімдері ел ішінде айтылып отырады. Ел тірлігіне белсене араласып, халықты жақсы істерге ұйымдастырып, өз заманында алдыңғы қатарда Сүйесін ақсақалды ұрпақтары мақтан тұтады.

Сәрсенбай АМАНҒОСОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.